FTAMP 14.01.33 https://doi.org/10.26577/JES.2023.v75.i2.05

**Л.Е. Сапартаева**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан, Қызылорда қ.
e-mail: lsapartayeva@bk.ru

# КӘСІБИ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бұл мақаланың негізгі мақсаты – мәселені зерттеген зерттеушілердің тұжырымдарын жүйелеу болып табылады. Біз зерттеуімізде тек «Scopus» базасында индекстелген материалдарға назар аударамыз. Бұл зерттеуде «Professional personality» негізгі кілт сөз ретінде алынды және мақсатты шешу үшін базада табылған материалдарға библиометриялық және сапалық контент-талдау жүргізілді. Автор зерттеу нәтижелерін жүзеге асыру және қорытынды шығару үшін 41 ғылыми әдебиетке сапалық талдауға басымдық береді. Талдау жасауға басымдық берілген әдебиеттер 5 тілде жазылған: ағылшын (26); испан (6); француз (4); орыс (4); неміс (1). Зерттеу мәселелерін шешу үшін бізге екі іргелі мәселеге жауап қажет. Мақала нәтижелері және талқылау 2 бөлімнен құралған. Бірінші бөлімде кәсіби тұлғаны қалыптастырудың алғы-шарттары, мақсаттары мен құрылымдары талқыланады. Бұл бөлімде кәсіби тұлға тұжырымдамасы, кәсіби тұлғаның қалыптасу кезеңдері, кәсіби тұлғаның дамуы, кәсіби тұлға үлгілері секілді т.б. 12 негізгі мәселеге мән береміз. Зерттеу жұмысының екінші бөлімінде медициналық білім беру аясында қалыптасқан педагогикалық көзқарастардың кәсіби тұлғаның қалыптасуы үшін маңызы зор екендігін алға тартамыз. Бұл бөлімде кәсіби тұлғаға жыныстық ерекшеліктердің ықпалы, кәсіби тұлғаның психологиялық және психодинамикалық ерекшеліктері, кәсіби тұлғаға бағытталған оқу стратегиясы сынды т.б. 7 негізгі мәселені талқылаймыз.

**Түйін сөздер:** кәсіби тұлға, жоғары білім, тәжірибе, құндылықтар, тәрбие.

L.E. Sapartayeva

Korkyt Ata Kyzylorda University, Kazakhstan, Kyzylorda
e-mail: lsapartayeva@bk.ru

## Pedagogical problems of the formation of a professional personality

This article's main goal is to organize the concepts of researchers who have studied the issue. In this direction, we focus only on materials indexed in the Scopus database. In this study, «Professional personality» was taken as the main keyword, and to solve the problem, a bibliometric and qualitative content analysis of the materials found in the database was carried out. The author of the article prioritized 41 pieces of scientific literature in order to do content analysis and to fulfill the study's findings. Priority literature for analysis is written in 5 languages: English (26); Spanish (6); French (4); Russian (4); German (1). To solve research problems, we need answers to two fundamental problems. The results and discussion of the article consist of 2 sections. The first section discusses the prerequisites, goals, and structures of the formation of a professional personality. In this section, we focus on 12 main issues, such as the concept of a professional personality, the stages of becoming a professional personality, the development of a professional personality, models of a professional personality, etc. In the second section of the research work, we argue that the pedagogical approaches formed in the framework of medical education are important for the professional formation of personality. This section discusses the influence of gender on the professional personality, the psychological and psychodynamic characteristics of the professional personality, the study strategy aimed at the professional personality, and the other 7 main issues.

**Key words:** professional personality, higher education, experience, values, upbringing.

 © 2023 Al-Farabi Kazakh National University

Л.Е. Сапартаева
Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Казахстан, г. Кызылорда
e-mail: lsapartayeva@bk.ru

## Педагогические проблемы формирования профессиональной личности

Основная цель данной статьи состоит в том, чтобы систематизировать концепции исследователей, изучавших проблему формирования профессиональной личности. В нашем исследовании проведен анализ публикаций, индексированных в базе данных «Scopus». В исследовании в качестве основного ключевого слова было взято «Professional personality», и для решения поставленной задачи был проведен библиометрический и качественный контент-анализ материалов, найденных в базе данных. Проведен качественный анализ 41 научной литературы по проблематике исследования для представления выводов исследования. Приоритетной литературой для анализа подобрана на 5 языках: английский (26); испанский (6); французский (4); русский (4); немецкий (1). Результаты и обсуждение статьи состоят из 2 разделов. В первом разделе обсуждаются предпосылки, цели и структуры формирования профессиональной личности. В этом разделе мы уделяем внимание 12 основным вопросам, таким как концепция профессиональной личности, этапы становления профессиональной личности, развитие профессиональной личности, модели профессиональной личности и т.д. Во втором разделе исследовательской работы мы утверждаем, что педагогические подходы, сформированные в рамках медицинского образования, важны для формирования профессиональной личности. В этом разделе обсуждается влияние половых признаков на профессиональную личность, психологические и психодинамические особенности профессиональной личности, стратегия изучения, направленная на профессиональную личность, и другие.

**Ключевые слова:** профессиональная личность, высшее образование, опыт, ценности, воспитание.

### Кіріспе

Көкірегі ояу азаматтарға білім өміріміздің барлық салаларында өте маңызды рөл атқаратындығын түсіндірудің қажеті шамалы. Білімді іс жүзінде қолданылуын түсінген адам өмірде табысты болатындығын барлығымыз білеміз. Студент орындаған тапсырмаларын жаттау және жақсы баға алу маңызды еместігін түсінуі керек. Адамзатқа өміріміз бен айналамыздағы барлық жақсылықтарды қалай түсінуге болатындығы маңызды. Сондықтан білімге толы ақыл мен ізгі жүрек бірігіп, қоғамдағы революциялық өзгерістерді жасайды.

Білімнің басты міндеті – білік пен дағдыға үйрету. Білім өмірдегі түрлі құбылыстарға өз көзқарасымызды қалыптастыруға және өз пікірімізді білдіруге көмектеседі. Адамның ресми және бейресми жағдайда жаңа дағдылар, мінез-құлықтар мен түсініктерді меңгеру процесін білім деп атаймыз. Жеке тұлға – адамның жеке қасиеттері, сипаттамалары, көзқарастары, ерекшеліктері, психологиялық келбеті, сенімдері мен түрткілерінің жиынтығы болып табылады. Тұлғалық қасиет адам дүниетанымын білдіріп қана қоймай, адам өмірінің барлық салаларын жетілдіруге қатысады.

Білім берудің кәсіби тұлғаны қалыптастырудағы рөлі өте жоғары. Білімді болу – өз болмысымызды көрсету және дамыту. Тұлғаның дамуы да білім секілді маңызды. Биік тұлға бізді алға ұмтылуға және көпшіліктің арасында ерекшеленуге ынталандырады. Білім арқылы адам басқалармен қалай әрекет ету керектігін біледі. Адамдардың мінез-құлқы қоғамда оларға деген құрметті тудырады. Дұрыс емес мінез-құлық кез келген адамның тұлғалық болмысын бұзуы мүмкін. Білім беру жүйесінде адамдар басқалармен өзін қалай ұстау керектігі туралы мінез-құлық ережелерін үйренеді. Білімді адам басқаларға ешқашан қорлайтын сөздерді қолданбау керектігін түсінеді. Білім бізге эмоцияларымызды басқаруды үйретеді. Сондықтан қоғамда дұрыс сөйлесіп, өзімізді дұрыс ұстауымыз керек. Адам баласының қоғамда көрініс табатын әрекеттері –оның мінез-құлық ережелерінің нақты тәжірибесі. Демек, білім баршамыздың кәсіби тұлғамызды қалыптастыруға ықпал жасайды.

Қазіргі таңдағы білім беру жүйесінде білім алушының мүдделеріне басты назар аударылады. Кәсіби тұлғаны қалыптастыруға бағдарлану білім беру процесіндегі білімді пассивті игеруден басталып, өмірлік процесте қолдану

дағдыларын қалыптастырудың белсенді түрін қайта құруды білдіреді (Khimmataliev et al., 2020) [1]. Осы мәселені шешуде білімді оңтайландыру, жаңарту, жүйелеу, ізгілендіру және жан-жақты меңгеруге бағытталған қарқынды оқыту технологиялары маңызды рөл атқарады. Жеке тұлғаның ерекшеліктерін, кәсіби білім алу процесіндегі тұлғаның белсенділігін барынша ескеру бірінші орында тұрады.

Білім – кәсіби тұлғаны қалыптастыруға және өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған динамикалық процесс. Кәсіби тұлғаны қалыптастыру аясында білім адамдарды оқытуға және оларға ойлау, қарама-қайшылық және осы мәселелерді шешу дағдыларын көмектесуге бағытталады (Abdullah et al., 2019) [2]. Бұл бағытта жоғары мектеп студенттерге сыни тұрғыдан ойлау мен мәселелерді шешу әдістері бойынша қарқынды оқытуы қажет. Ұстаздар қауымы өз студенттерін оқытуда озық тәжірибелерді пайдаланғанын дұрыс көреміз.

Жоғары мектепте білім беруді жүзеге асыру аясында оқытушылардың жеке ресурстарының аудиториядағы күнделікті тәжірибелеріндегі рөлі туралы түрлі сұрақтар туындайды. Оқытушылардың кәсіби тұлғасы, олардың студенттерді оқытуға ізгі ниеті табысты оқу ортасы үшін маңызды алғышарттар болып саналады (Hellmich et al., 2019) [3]. Сондықтан оқытушылардыңжекересурстарыныңөзектілігін, студенттерге көзқарасы мен оқуға қатысты ұжымдық өзіндік тиімділікке сенімдерін, ұстаз біліміне негізделген аудиториядағы күнделікті тәжірибесі тұрғысынан зерттеу маңызды.

J.D. Cullen және P.L. Knox (1981) [4] зерттеуінде қала құрылысын жоспарлаушылар арасында өздерін қаланың физикалық құрылымының «сақтаушылары» ретінде бағалайтын басқару этикасы басым екені анықталады. Сонымен қатар, ғалымдар оларды қаталдығымен, ережелерді сақтауымен және рационализммен ерекшеленетін кәсіби тұлға екенін дәйектейді. Дегенмен, жоғары оқу орындарындағы білім беру барысында кейбір кәсіби ұстанымдарды адамгершілік құндылықтармен байытып отыру қажет. Кез келген маман иесін даярлау барысында олардың әлеуметтік «қатал бақылаушы» емес, халыққа қызмет ететін азамат екендігін ұғындыра отырып тәрбиелеу қажет деп ойлаймыз. Дегенмен, кәсіби тұлға ұстанымына ұжымдағы әріптестер де ықпал жасайтынын ескеруіміз қажет.

Тұлғаны бағалау қоғамы (The Society for Personality Assessment, SPA) бірнеше рет өткізілген бейресми семинарлар сериясынан кейін 1936 жылы мүшелік ұйымға айналды (Schulze, 1996) [5]. Бұл қоғамның негізгі мақсатына тұлғаны кәсіби бағалауға жәрдемдесу, тұлғаны бағалаудың рәсімдері мен тұжырымдамаларын әзірлеу және тұлғаны бағалау әдістерін жауапкершілікпен пайдалануға ықпал ету жатады. Тұлғаны бағалау қоғамы жыл сайын міндетті жалпы жиналысын өткізумен қатар, рейтингісі жоғары «Journal of Personality Assessment» (Қараңыз: журналдың ресми сайты – https://www.tandfonline.com/journals/hjpa20) журналын шығарады. Аталмыш журнал 1936 жылдан бері жарыққа шығады және бірнеше рет атауын өзгерткен: «Rorschach Research Exchange» (1936-1946); «Rorschach Research Exchange and Journal of Projective Techniques» (1947-1949); «Journal of Projective Techniques» (1950-1962); «Journal of Projective Techniques and Personality Assessment» (1963-1970). Бүгінгі таңда «Taylor & Francis» баспасымен бірлесіп шығатын журнал «Social Sciences Citation Index», «Scopus» сынды ірі ғылыми базаларда индекстеледі.

Өткен ғасырдың 90 жылдары P. Kline және S.L. Lapham (1990) [6] кәсіби тұлға сауалнамасын (The Professional Personality Questionnaire, PPQ) құрастырған болатын. Кәсіби тұлғаны анықтауға арналған бұл сауалнама бес құбылысты өлшейді: экстраверсия; невротизм; тәжірибеге немесе шарттылыққа ашықтық; ойлау қабілетінің қатаңдығы; ұқыптылық. Осы сауалнама шеңберінде P. Kline және S.L. Lapham 1992 жылы 2 мақала жариялады. Мәселен, кәсіби тұлға сауалнамасының кәсіптік топтарды ажырата білу және оның шкалаларының сенімділігі қабілетін зерттеуге арналған жұмыс нәтижелері 208 адамнан алынған. Жасы, білім деңгейі зерттеу нәтижелерін түсіндіре алмайтынын көрсеткеннен кейін, кәсіби тұлға сауалнамасының шкалалары кәсіптік топтар арасында айтарлықтай айырмашылықтар тудыратыны дәлелденіп, бұл сынақ кәсіптік саладағы тұлғаның пайдалы өлшемі болды деген қорытындыға келді (Kline & Lapham, 1992a) [7]. Түрлі факультет студенттері арасындағы айырмашылықтарды талдауда экстраверсия мен невротизмде ешқандай айырмашылық көрсетпеген, бірақ инженерлік бағыттағы білім алушылар ұқыптылық, ойлау қабілетінің қатаңдығы мен шарттылыққа ашықтыққа

қатысты өлшемде басқаларға қарағанда жоғары балл жинаған (Kline & Lapham, 1992b) [7].

Жалпы, кез келген жұмыс тобындағы әркімге жүктелген рөл оның кәсіби тұлғасының бейнесін танытады (Birrell & McGarry, 2006) [8]. Сондықтан қызметкерлер тобы мүшелері арасындағы байланыс сапасын жақсартуды іздеу және бастамашылық ету жолында кәсіби тұлға мәселесін ұмытпау қажет. Жұмыс барысындағы барлық топтық рөлдер үшін кәсіби тұлғаны анықтау маңызды деп ойлаймыз. Экстраверт, сезімтал, ойлампаз және талдаушы азамат қана кәсіби тұлғасын оңынан қалыптастыра алады.

Жоғары мектептегі тәрбие жұмыстарының басымдығын анықтау жоғары білім беруді әмбебаптандыру жағдайында оқу бағдарламаларының жаңа буынының пайда болуымен белгіленген кәсіби тұлғаны кешенді даярлау басты сипатты иеленеді (Pernas Gómez & Miralles Aguilera, 2007) [9]. Сонымен қатар Rudenko және т.б. (Rudenko et al., 2015) [10] жоғары оқу орындарындағы оқу процесінен бөлек тәрбиелік қызметі де болашақ маманның кәсіби тұлғасын дамытуға және мәдени құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталуы тиіс деп ойлайды. Бұл тұста университет студенттері арасында жеке құндылықтар жүйесін қалыптастырудағы тәрбие жұмысының маңыздылығын атап өту қажет. Процестер сипаты және оқу-тәрбие үдерісі шеңберінде қол жеткізген даму бағыттары тәрбиелік және саяси-әлеуметтік аспектілерді жинақтайды. Университеттердегі тәрбие жұмысына кешенді көзқарас болашақ мамандардың кәсіби тұлғасын дамытуға негіз болатын ықпалдар жүйесін құрады. Ықпалдар жүйесін екі өлшем бойынша құрылымдауға болады: оқу және саяси-әлеуметтік. Оқу және саяси-әлеуметтік өлшем мақсаттары міндеттерге негізделген тәсілдер мен құралдарды қамтиды. Демек, жоғары оқу орнының оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру үшін түрлі аспектілердің әрекеттерін біріктіретін, жеке тұлғалар мен студенттердің білім беру қажеттіліктерін диагностикалау білім беру жобаларын әзірлеуде маңызды рөл атқарады. Кәсіби тұлғаны қалыптастыру барысындағы тәрбиелік қызмет мына шарттарды қамтуы қажет деп ойлаймыз: (1) студенттердің әлеуметтік маңызы бар іс-шараларға қатысуға оң мотивациясын қолдау; (2) студенттерді университеттің инновациялық жобаларына тарту; (3) жоғары білім беру жүйесіне кірмейтін ұйымдармен әлеуметтік серіктестік; (4) белсенді өзара әрекеттесу әдістерін қолдану арқылы студенттерге өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі тәрбиелеуге бағдарлар бере алатын оқытушының гуманистік ұстанымы. Сондықтан студенттердің университет ортасына сәтті бейімделуі тиімді оқу-кәсіптік қызмет пен кәсіби тұлғаны қалыптастырудың қажетті шарты болып табылады.

Зерттеу мәселесінің өзектілігі кәсіби тұлға идеалдарының құрылымын түпкілікті мақсаттан құндылықтардың кәсіби мәдениеті стандартына ұмтылуға дейін өзгертетін еңбек нарығының дамуындағы (Zamaletdinov et al., 2016) [11] басты қағидаларға байланысты. Сондықтан студенттердің жүзеге асырылмаған кәсіби тұлға аясындағы мақсаттары олардың алған біліміне сәйкес келетін мамандықтан алшақтауынан көрінеді және жұмыссыз түлектер арасында «жасырын» (мамандығы бойынша жұмыс істемейтін) санын арттыратын факторлардың біріне айналады. Демек, кәсіби тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық мәселелері төмендегі шарттар арқылы айқындалады:

кәсіби тұлға құндылықтарының мазмұнын ашу (кәсіби мәдениет құндылықтары; кәсіби дәстүрлер; кәсіби идеалды таңдау тәжірибесі);

кәсіби тұлға мен корпоративтік мәдениет нормаларының қазіргі заманғы өзгерістерінің деструктивті белгілерін анықтау;

кәсіби түсініктерді басқарудың педагогикалық кәсіби құралдары кешенін негіздеу (пәнаралық сипат; өзін-өзі ұйымдастырудың инновациялық қағидалары; «оқытушы-студент» арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынас; тұлғаны қалыптастыру барысындағы өзін-өзі өзгерту; өзін-өзі бақылау мен ұйымдастыруға негізделген жоғары білім берудің педагогикалық жүйесі);

кәсіби тұлға мақсаттарын басқарудың педагогикалық құралдары анықтаған кешенінің өнімділігін дәлелдеу (студенттердің өзін-өзі сәйкестендіруге дайындығы; кәсіби маңызды білімді түрлі қызмет түрлері мен салаларына сай оңтайландыру; шығармашылық қызметпен айналысу).

Мәселе бойынша отандық ғалымдар жарияланымдарына келетін болсақ, зерттеу барысында 2 жұмысты кездестірдік. K.M. Nagimzhanova және т.б. (Nagimzhanova et al., 2019) [12] зерттеуінде болашақ психолог-педагогтардың жеке тұлғасының психологиялық және кәсіби дамуының негіздері талданады. Авторлар педагог-психологтардың физиологиялық және кәсіби дамуының алғашқы

кезеңдері қоғамның әл-ауқатының негізін қалауда шешуші рөл атқаратынын анықтады. Психологиялық мәселелерді шешу үшін практикалық мамандардан пәнді терең білу, шығармашылық қабілеттерін пайдалану қажет екені дәйектеледі. Ал S. Mnaidarova және т.б. (Mnaidarova et al., 2019) [13] мақаласында кәсіби тұлға шеңберіндегі кәсіптік оқу орындары студенттерінің әлеуметтік-экономикалық құндылық бағдарларын қалыптастыру мәселелері қарастырылған. Зерттеу мәселесі әлеуметтік-экономикалық құндылық бағдарлары бар мамандарды даярлауға қоғам мен мемлекеттің талаптарының артуы арасындағы қарама-қайшылық және осы мәселенің теориялық және тәжірибелік мәртебесінің жеткіліксіздігімен анықталады. Авторлардың пайымдауынша, маманның кәсіби тұлғасын қалыптастырудың арнайы ұйымдастырылған процесі студенттердің әлеуметтік-экономикалық құндылық бағдарларының қалыптасуы әлеуметтік-этикалық нормалар шеңберінде ұтымды ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен болады. Осы нәтижелерге сәйкес жоғары білім беру жүйесіндегі қазіргі өзгерістер болашақ мамандардың жеке және шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін педагогикалық, психологиялық және экономикалық шарттарды іздестіру және құрумен байланысты деп қорытынды жасаймыз.

Кәсіби тұлғаны қалыптастыру мәселелері бойынша қарастырылған материалдар арасында медицина саласындағы білім берумен тығыз байланысты материалдар да кездеседі. Материалдардың маңыздылығы мен құндылығын ескеріп, назардан тыс қалдыра алмадық. Біз осы зерттеулерді талдап, кәсіби тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық мәселелері бойынша көзқарастар білдіруге тырыстық.

Жоғарыдағы тұжырымдарға сәйкес, бұл зерттеуде ғылыми жарияланымдар ағынын жүйелеу және қызықты заңдылықтарды анықтау жүзеге асты. Библиометриялық талдау және әдебиеттерді шолу барысында біз кәсіби тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық мәселелеріне байланысты көптеген зерттеулерді байқадық және 2 іргелі мәселелерге бөліп, негізгі мәселелерін анықтадық (1-кесте). Біздің ойымызша, осы іргелі мәселелер педагогика ғылымдары үшін шешуші болып табылады.

**1-кесте** – Зерттеуді таңдау және оның сипаттамалары

| Іргелі мәселелер | Негізгі мәселелер |
|---|---|
| Кәсіби тұлғаны қалыптастырудың алғы-шарттары, мақсаттары мен құрылымдары | кәсіби тұлға тұжырымдамасы<br>кәсіби тұлғаның қалыптасу кезеңдері<br>кәсіби тұлғаның дамуы<br>кәсіби тұлға үлгілері<br>кәсіби тұлға құзіреттілігі<br>кәсіби тұлғаны бақылау<br>кәсіби тұлға дағдылары<br>оқытушылық бірегейлік<br>кәсіби тұлғаны ынталандыру<br>кәсіби тұлға дағдарысы мен алаңдаушылығы<br>кәсіби тұлға құндылықтары<br>кәсіби орта |
| Кәсіби тұлғаны қалыптастырудың медициналық білім беру шеңберінен қалыптасқан педагогикалық көзқарастар | кәсіби тұлғаға жыныстық ерекшеліктердің ықпалы<br>кәсіби тұлғаның психологиялық және психодинамикалық ерекшеліктері<br>кәсіби тұлғаға бағытталған оқу стратегиясы<br>оқыту моделі<br>кәсіби тұлға этикасы мен білім сапасы<br>кәсіби тұлға қасиеттері<br>кәсіби тұлғаның әл-ауқаты |

Кәсіби тұлғаны қалыптастыру мәселесінің ғылымда зерттелу ерекшеліктерін жоғарыдағы кесте арқылы айқындауымызға болады. Негізгі мәселелерді зерттеу жұмысының нәтижелері мен талқылау бөлімінде қарастырамыз.

## Материалдар мен әдістер

Зерттеудің әдіснамалық негізін кәсіби тұлғаны қалыптастыру мәселесіне қатысты зерттеушілердің ғылыми еңбектері мен негізгі қағидалары құрайды. Кәсіби тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық мәселелері бойынша ғылыми әдебиеттерді іздеудің библиометриялық әдісі осы дереккөздерді зерттеуге және талдауға бағытталады. Зерттеу жұмысына қатысты материалдарды іздеу үшін «Scopus» деректер базасы пайдаланылды. «Professional personality» негізгі кілт сөз ретінде таңдалып, нәтижесінде базадан 84 материал табылды. Алынған барлық материалдар мұқият сарапталып, 2 іргелі мәселелерге сәйкес келетініне көз жеткізу үшін сапалық контент-талдауға дайындық жұмыстары жүргізілді (2-кесте).

**2-кесте –** Материалдарды таңдау процесі

| Кілт сөз арқылы зерттеулер жиынтығын сапалық контент-талдауға дайындау | | |
|---|---|---|
| Сәйкестендіру | Деректер базасында табылған жазбалар саны (n = 84) | Сараптама кезінде жойылған жазбалар (n = 43) оның ішінде: конференция материалдары (n = 10) педагогика ғылымдарына қатысы жоқ материалдар (n = 17) өзгенің кәсіби тұлғасы туралы жазылған материалдар (n = 15) редакциялық хаттар (n = 1) |
| Іріктеу | Жазбалар саны (n = 84) | |
| | Сарапталған толық мәтінді жазбалар (n = 41) | |
| Енгізілді | Сапалық контент-талдау жүргізілген зерттеулер (n = 41) | Алынып тасталған жазбалар (n = 43) |

2-кестеде көрсетілгендей сапалық контент-талдау үшін 41 әдебиет таңдалды. «Professional personality» түсінігін пайдаланған материалдар 21 бағытты қамтиды. Біз тек әлеуметтік ғылымдар, өнер және гуманитарлық ғылымдар, психология және медицина бағытындағы зерттеулерге ерекше мән бердік. Қарастырылған бұл әдебиеттердің ағылшын тілінде – 26, испан тілінде – 6, француз және орыс тілдерінде – 4, неміс тілінде – 1 жазылған. Конференция және педагогика ғылымдарына қатысы жоқ материалдар, жеке адамның кәсіби тұлғасы туралы жазылған мақалалар мен редакциялық хаттарға назар аударылмады. Сапалық контент-талдау зерттеліп отырған мәселені 5 қырынан қарауға мүмкіндік берді: мәселенің негізін құру; табылған зерттеу жұмыстарының ғылыми ізденістерді жетілдіруін тану; зерттеу нәтижелері мен талқылауының тұжырымдамаларын дәйектеу; зерттеу құралдарына баға беру; нәтижелерді түсіндіре білу. Кәсіби тұлғаны қалыптастыруды сапалық контент-талдау үшін институтталған, жүйелік және салыстырмалы әдістерге мән берілді.

## Нәтижелер мен талқылау

Кәсіби тұлғаны қалыптастырудың алғышарттары, мақсаттары мен құрылымдары. Кәсіби тұлғаны қалыптастыруға қатысты ең алғашқы ғылыми жұмыс 1949 жылы жарияланған (Dexter, 1949a) [14]. 1953 жылы актерлік оқитын студенттердің кәсіби тұлғасы (Stacey & Goldberg, 1953) [15] және 1954 жылы кәсіби тұлғаны тәрбиелеуге қатысты зерттеуден (Friedenthal, 1954) [16] кейін 1969 жылға дейін жарияланымдар сирек болды (Gelly, 1969) [17]. Медицина саласы студенттерінің кәсіби тұлғасын қалыптастыру мен дамытуға байланысты ең алғашқы зерттеу 1971 жылы жарияланған (Wiener, 1971) [18].

L.A. Dexter мақаласында отаршылдықтың әлеуметтік психологиясы шеңберінде кәсіби тұлғаның кейбір үлгілеріне мән беріледі. Ғалымның пікірінше, «Тұлға мәдениеті саласында гипотезалар айтарлықтай өте мұқият ұсынылады. Әдетте, сарапшы өз тұжырымдарына жоғары ықтималдық дәрежесін қосуға мүмкіндік беретін жүйелі зерттеу жүргізе алмайды. Сондықтан ол жетілген, білгір дилентанттар жасаған мәдени болжамдар бақылауларымен келіспесе де, назардан тыс қалдырмауы керек» (Dexter, 1949: 49b) [14]. Мақала нәтижелерін талдай келе, екі кемшілік кәсіби тұлғанының жұмысына кері әсер етеді: (1) бір ғана тілді білу өзге тілдердегі оқу әдебиеттерін пайдалануды шектейді; (2) байланыстар бір ұйым жақтастарымен шектелмей, кәсіби тұлға көпшіл болуы керек.

B. Gaoni және M. Neumann (1974) [19] зерттеуінде оқу процесінің төрт негізгі кезеңі, бақылаушының жеке және кәсіби тұлғасын дамыту үшін қажетті тиісті жетілдірулер сипатталады. Авторлар ұсынған пікірлерге сәйкес, кәсіби тұлғаны қалыптастырудың кезеңдерін біз де ұсынып көреміз. Бірінші кезеңде студенттің тәжірибесі жоқ және барлық мәліметтерді оқытушыдан күтеді. Оқытушы мен студенттің осы қарым-қатынасында ұстаз білім алушыны қоршаған ортамен байланыстарға бағыттайды, кеңес береді және басқарады. Екінші кезеңде оқытушы ойында белгілі бір бағыттағы шәкірт тәрбиелеу қалыптасады. Студент шығармашылығы, дағдысы және мінез-құлқының динамикасына баса назар аударылады. Үшінші кезеңде студенттің мамандыққа сай тұлғасын дамыту мақсаты қойылады. Студенттің өзін-өзі тануы мен өзін-өзі тексеруді ынталандыруға мән беріледі. Негізгі тақырыптар «оқытушы-студент-маман» арасындағы өзара байланыстар мен айырмашылықтарды талдауға арналады. Соңғы төртінші кезең білім алушының кәсіби өмірінде жалғасады. Бұл кезең жеке, топтық жағдайларда әріптестердің өзара ақыл-кеңестерінен тұрады.

А.Р. Фонарев тұлғаның кәсіби дамуының өзіндік тұжырымдамасын ұсынады(А.Фонарев,2004)[20]. Ғалым жасы мен өтілімен анықталатын кәсіби даму туралы қолданыстағы идеялардан бас тартып, кәсібилік жоғарыда аталған параметрлермен өлшенбейді, жеке тұлғаның қол жеткізген кәсіби даму сатысымен анықталады деп тұжырымдайды. Осылайша, автор кәсіби өсудің түрлі кезеңдеріне қол жеткізген маман ұғымын енгізіп, кәсіпқойлық критерийлерін сипаттайды. Білікті кадрларды даярлау жүйесін үздіксіз жетілдіру қажеттілігі, қоғамдық өндірістің түрлі салаларында үлкен жұмыс өтілі бар қызметкердің өз әлеуетін толық іске асырмауы кәсіби тұлғаның қалыптасуының көрінісі деп ойлаймыз. Әсіресе, жұмыс өтілі жоғары қызметкердің өз әлеуетін пайдалануын шешпестен сапалы оқыту және кәсіби қызметтің кейінгі табыстылығын болжау қиынға соғады. Сондықтан кәсіби тұлғаның қалыптасуын зерттеуде адамдар арасындағы өзара әрекеттесуге негізделе отырып әлеуметке бағдарланған кәсіптерде (мысалы, ұстаздық, түрлі қызмет көрсету мамандықтары және т.б.) адамның жасырын мүмкіндіктерінің кілті болып табылатын субъект пен қоғам мүшелері арасындағы түрлі әлеуметтік байланыстарға жүгінуіміз қажет.

Тәжірибе жүйелерін талдауда кәсіби тұлға маңызды орын алады (Chami, 2006) [21]. Сондықтан тәжірибе жүйелерін талдаудағы әдістер шеңбері кәсіби тұлға тұжырымдамасының орындылығы мен пайдалылығын дәйектейді. Тәжірибе барысындағы студенттің жеке өзгерістері, осы трансформацияның ауқымы бөлек талдау мен бағалауды қажет етеді. Тәжірибе деңгейінде қиылысатын екі өзекті ажыратып, мәселені шешу қажет секілді. Тәжірибеде бірінші өзек тұлғаның өлшеусіз қабілетін сипаттаса, екінші тұлғалық өзекті талдауға, объективтендіруге және түрлендіруге болады.

L. Fabbris және т.б. зерттеуінің негізгі идеясы – құзіреттілік бітірушінің кәсіби тұлғасын көрсетеді[Fabbris et al., 2007) [22]]. Бұл мәселеде құзыреттер мен кәсіптер жиынтығы арасындағы байланыстарға мән берген абзал. Өйткені құзыреттер жиынтығы бітірушінің жұмыс ортасының сипаттамаларын байланыстырып, кәсіби тұлғасының нақты құзыреттілігі бойынша ықпалын бағалайды. Сонымен қатар, кәсіби тұлғаның құзыреттілігі субъектінің тұлғалық ерекшелігіне және оның жұмысқа тұжырымдамалық, ұйымдастырушылық және психологиялық дайындығы шоғырланған белсенділік бағытына негізделеді. Бұл тұста ұстаздың кәсіби тұлға шенберіндегі педагогикалық құзыреттілігі ғылыми-теориялық білім, тәжірибелік дағдылар, құндылық бағдарлары және жеке мәліметтеріне сүйенеді.

Бақылау кәсіби контексте алынған тәжірибені топтастыруға және өңдеуге назар аударады. Бақылау оқытушыға тәжірибеге негізделген рефлексивті оқытудың бірегей жеке әдісін ұсынады (Kováts, 2009) [23]. Жалпы бақылаудың

мақсатына кәсіби тұлғаны нығайту және оқыту арқылы белгілі бір кәсібилікті өзгерту жатады. Бақылау әдеттегі рефлексия процесінде бақыланатын адамның оқуға ұмтылысын және жеке қадамдарға қатысты нақты шешімдер қабылдау қабілетін анықтай алады. Теориялық тұрғыда оқытушы бақылауындағы тұлғаның кәсіби талаптардан шығуға құқығы жоқ. Дегенмен, кейбір кәсіби мәселелер, қиындықтар мен қақтығыстардың (құзыреттілікке сенімсіздік, белгілі бір жұмыс жағдайларында туындайтын тыйымдар мен шектеулер, әріптестермен, басшылармен шиеленіс және т.б.) астарында әлеуметтенудің бұрынғы тәжірибесінен туындаған өңделмеген оқиғалар жасырылуы ықтимал.

Кез келген кәсіби тұлға өз саласының кәсіпқой маманы болғысы келетіні анық. Кәсіби тұлғаның кәсіпқой маман болуына оқу процесі мен жұмыс барысында қалыптасқан дағдылары, қасиеттері мен әдеттері ықпал жасайды (Bartholomew, 2011) [24]. Дағдылар, қасиеттер мен әдеттер тәжірибелік тәсіл арқылы сабаққа тиімді дайындалуды, жаңа білімді игеру үшін тапсырмаларды сапалы орындауды және түсінбеген мәселелер бойынша сауалдардың нақты жиынтығына сыни көзқарасты қалыптастырады. Сондай-ақ, салалық басылымдарды оқып, мамандық бойынша түрлі курстарға қатысу да маңызды. Абстрактілі және дивергентті ойлау кәсіби тұлғаға қажетті міндетті дағдылар деп ойлаймыз. Жалпы кәсіби тұлғадан талап етілетін дағдылар және табысты қызмет атқару бірнеше кезеңдерге бөлінеді (Miroshnichenko et al., 2014) [25]. Біздің ойымызша, кәсіби тұлғаның қалыптасуына мына дағдылар қажет:

тұлғаның күші мен жігері (түрлі ерік-жігер мен жауапкершілікті өз мойнына алу қабілеті);

алдын ала болжау (кәсіби қызмет процесінде туындайтын ахуалдың дамуын дәл және сенімді болжау, алдын алу мүмкіндігі);

өзін-өзі реттеудің жоғары деңгейі (өз жағдайын басқара білу, жоғары өнімділік, күйзеліске төзімділік, шұғыл әрекеттерге дайын болу, қажет болған жағдайда өз ресурстарын жұмылдыру қабілеті);

шешім қабылдау қабілеті (шешім қабылдаудағы батылдық, қабылданған шешімдердің сенімділігі, олардың уақыт сұранысына сәйкес келуі мен дұрыстығы, бірегейлігі мен тиімділігі);

креативтілік (тек жоғары шығармашылық әлеуетте ғана емес, стандартты емес шешімдер арқылы кәсіби мәселелерді тиімді шешу қабілетінде де көрінеді);

жетістікке жету үшін ынталы болу.

Кәсіби тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық мәселелері оқытушылық бірегейлікпен де тығыз байланысты. Мәселен, оқытушылық бірегейлік мансаптық өсу процесінде қалыптасатын кәсіби тұлғаның құрылымы деп қарастырылады (Karabay, 2016) [26]. Біздің ойымызша, оқытушылық бірегейлік танымдық, әлеуметтік және кәсіби элементтерге ие. Осы элементтерді дамыту болашақ мұғалімдерді даярлау бағдарламаларында қарастырылатын кәсіби тұлғаны терең ұғынуға көмектеседі. Өйткені кәсіби тұлғаны қалыптастыру аясындағы оқытушылық бірігейлік білім процесінің соңында жүзеге асады. Сондықтан болашақ мұғалімдер өздерін ұстаз ретінде қабылдауының негізгі көздері әдетте диплом алды тәжірибе, педагогикалық дайындық және кәсіби тәжірибемен байланысты деуімізге негіз бар.

Жаңа жұмысқа орналасатын студенттерге қойылатын сапа талабы және орта мектептердің бәсекелестік қабілетін дамытатын кәсіби тұжырымдамалар университеттердегі білім беруді дамыту туралы көзқарастарды өзгертуге көмектеседі. Жоғары мектептегі кәсіби тұлғаны қалыптастыру оқу бағдарламалары жүйесін оңтайландыру мен жаңарту аясында студенттердің субъективті бастамасына назар аударуды қажет етеді (Shi & Xu, 2017) [27]. Студенттердің болашақтағы кәсіби ұстанымын және үздіксіз білім беру тұжырымдамасын өзгертуге назар аудара отырып, жоғары білім беру реформасы аясында кәсіби тұжырымдаманы белсенді түрде зерттеу қажет секілді. Жұмыс берушілердің жұмыспен қамту мен бағалау стандарттарына сүйене отырып, біз студенттердің кәсіби тұлғасын ынталандыру және нығайту үшін тұлғалық-бағдарлық оқыту әдістерін жан-жақты пайдалануымыз керек. Біз университет студенттері білуі тиіс мәселелерді тиімді шешу үшін қазақ руханиятын дамытуға үндейтін материалдарға назар аударғанымыз жөн. Студенттерді жеке мансаптық мақсат пен кәсіби тұлға арасындағы қарым-қатынасты түсінуі үшін университеттік біліммен үйлестіруге үйрету қажет деп ойлаймыз.

Студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін ынталандыру олардың кәсіби тұлғасын дамытуы мүмкін (Kalyanova, 2019) [28]. Сондықтан интерактивті оқыту әдістерін түрлі педагогикалық әдістемелермен біріктіріп қолдану негізінде студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін ынталандыруды дамыту әдістері

қажет. Өйткені студенттердің оқу іс-әрекетінің түрткілері кәсіби дайындық сапасы мен кәсіби тұлғаның қалыптасуына тікелей әсер етеді.

Соңғы жылдары мемлекеттік институттарда орын алған және болып жатқан өзгерістер, экономикалық және әлеуметтік тұрақсыздық, үздіксіз білім беру реформалары ұстаздар қауымы бойында жеке сенімсіздікті тудырып қана қоймай, күшейте түсті. Жаңа әлеуметтік-кәсіби ахуал ұстаздардың ішкі мотивациясының жоғары болуын және өз бетінше кәсіби даму мүмкіндігін қамтамасыз етті. Алайда, ұстаздардың әлеуметтік мәртебесінің төмендігі және оларға қойылатын талаптардың жоғарылауы аясында көптеген мұғалімдер оқу-тәрбие процесіндегі өз рөлін қайта қарастыруға және туындаған кәсіби қиындықтарды шешуге дайын еместігі байқалады. Ұстаздармен жүргізілген сауалнама (N=150) мен өзіндік есептер негізінде тұлғаның кәсіби дағдарысын респонденттер тобының жартысына жуығы (N=70) басынан өткерген (Садовникова, Заннони, 2018) [29]. Сонымен қатар, Н.О. Садовникова және А.М. Мирзаахмедов (2019) [30] зерттеуінде де тұлғаның кәсіби дағдарысын бастан өткерген мұғалімдердің өзекті мағыналық күйлері талданады. Осы мақалалардағы тұжырымдар шарттарында кәсіби тұлғаның дағдарысы қалыптасады және біз осы ахуалдың психологиялық ерекшеліктеріне назар аударуымыз қажет деп ойлаймыз. Педагогикалық қызметтің кәсіби дағдарысы мынандай екі себептерге байланысты болуы ықтимал:

кәсібі туралы бұлыңғыр көзқарастың болуы немесе мүлдем болмауы, педагогикалық іс-әрекетке қызығушылықтың төмендеуі, болашақты жоспарламай, бүгінгі күнмен өмір сүруге ұмтылу. Бұл ахуал ұстаздың өз күшіне сенімсіздігі, өмір жолына қанағаттанбау, өз өміріндегі оқиғаларды басқара алмаудан көрінеді;

кәсіби дамудың жаңа ресурстарын іздестіру мақсатында кәсіби қызмет мазмұны, өз тәжірибесі мен алаңдаушылық процестерін өзекті ету. Жоғары эмоционалды алаңдаушылық, кәсіби тұлға дағдарысы өмір жолын қалыптастыру процесін шектейді. Кәсіби дағдарыс ахуалы, күйзеліс күшейген кезде ұстаздар кәсіби қызметтің жаңа мағыналарын және жеке кәсіби әлеуетін сезінуге мән береді. Бұл дағдарыстан ұстаздар өмірлік ресурстарды жаңарту арқылы ғана сәтті шыға алады деп тұжырымдаймыз.

Дәстүрлі рационализм таным мен эмоцияны бөлек қарастырды. Осы мәселе төңірегінде мұғалімдерді даярлау бағдарламалары аясындағы кәсіби тұлға мәселесі ұстаздардың эмоционалды алаңдаушылығын жеткілікті талдамаған деп көрсеткен ғалымдар тобы кездеседі. Бұл олқылықтың орнын толтыру үшін H. Yang (2019) [31] ұстаздардың эмоционалдық алаңдаушылығы мен кәсіби тәжірибе кезіндегі таным арасындағы байланысты зерттейді. Біздің ойымызша, мұғалімдердің кәсіби тұлғасы олардың эмоционалдық танымы арасындағы диалектикалық қарым-қатынасты айқындап, ұстаздық кәсіби тұлғасының дамуына әсер етеді. Бұл процестің тұжырымдамалық және эмоционалды дамуы барысында педагогикалық құралдар шешуші рөл атқарады.

Кәсіби құндылықтар кәсіби тұлғаның қасиеттерін құрайтын және мамандыққа бағытталған адами құндылықтар болып табылады (Olive et al., 2018) [32]. Құндылық тұжырымдамасын тұлғаның когнитивтік құрылымында ғана емес, әлеуметтік, мәдени өмірдің терең процестерінде, адам дүниетанымының күрделі қалыптасуы шеңберінде талдау орынды. Кәсіби тұлға құндылықтары қоғамдық сананың бір бөлігі ретінде азаматтардың қоғамда қалыптасқан түсініктерімен сәйкестікте болады. Құндылық кәсіби тұлға үшін саналы және орнықты ақиқат болып табылады. Кәсіби құндылықтарды маңыздылығына қарай иерархиялық ретке келтірмейінше, айналадағы құбылыстарды бағалау мүмкін емес. Жоғары оқу орындарындағы болашақ мамандарды үздік тәжірибелік дайындықпен ғана емес, кәсіби тұлға ұмтылатын мінез-құлық түріне сапалы, тиімді және әлеуметтік тәртіппен кепілдік беретін құндылықтар жүйесінің тасымалдаушыларын даярлауға әлеуметтік жауапкершілігін жүктейді. Жалпы кәсіби тұлға құндылықтары адам мазмұнының әлеуметтік мағыналарын білдіреді және әрекет ету тәсілдерімен үнемі байланыста болатындықтан, мінез-құлықты реттеуге де қатысады.

Жоғары оқу орны оқытушысының кәсіби тұлғасын қалыптастыру және дамыту мәселелері білім беру жүйесін жаңғыртудың барлық кезеңінде өзектілігін жоғалтпайды. Кәсіби орта адамның санасына әсер етіп, оның тұжырымдамалық ойлауы мен күнделікті қарым-қатынас мазмұнын өзгертеді (Заславская және т.б., 2021) [33]. Заманауи университеттегі оқу процесі құрылымы мен мазмұнындағы күрделі әлеуметтік-педагогикалық өзгерістер, болашақ мамандарды даярлау нәтижелеріне үнемі өсіп

келе жатқан талаптардың сан алуандығы, жаңа оқу әдістерінің енгізілуі жоғары мектеп оқытушысының педагогикалық біліктілігі, кәсіби педагогикалық тәжірибесі мен мәдениетін арттыру және байыту қажеттілігін туындатты. Сондықтан педагогикалық процестің ішкі логикасы мен заңдылықтарын кәсіби жетістіктің негізі ретінде сезінетін университет оқытушысының кәсіби педагогикалық тұлғасын қалыптастыру міндетіне ерекше қарауымыз қажет.

Кәсіби тұлғаны қалыптастырудың медициналық білім беру шеңберінен қалыптасқан педагогикалық көзқарастар. Merrill және т.б. (Merrill et al., 1995) [34] медицина мамандығы студенттерінің кәсіби тұлғасы мен өз болашақ кәсібін таңдауға адамның жынысы ықпал жасайтындығын айқындайды. Зерттеу нәтижесіндегі мамандықтарды таңдауға келетін болсақ, қыз балалар үшін педиатрия және акушер-гинекология бойынша ординатураның, ер балалар үшін жалпы хирургия мен хирургиялық мамандықтардың тартымды болғаны айтылады. Авторлардың пайымдауынша, оқытушылар студенттерге өздерінің кәсіби тұлғасы арасындағы сәйкестікке қол жеткізуге көмектесуге тырысқанда, жыныстың әсері туралы көбірек хабардар болуы керек. Біздің ойымызша, жыныстың кәсіби тұлғаға және мамандық таңдауға ықпалы жоғары оқу орнына түсу кезіндегі гендерлік айырмашылық аясында кадр тапшылығын шешуге жасалған қадам болып табылады. Сондықтан оқытушылар мектеп түлектерінің болашақ кәсібіне ыңғайлы мамандықтарды таңдауына көз жеткізу үшін осы гендерлік салдарды түсініп, кеңес беру әрекеттерінде пайдалануға көбірек күш салуы керек.

P.-B. Schneider болашақ дәрігерлерді дайындаудың психологиялық және психодинамикалық мәселелеріне ерекше мән береді(P.-B. Schneider, 1997)[35]. Зерттеу нәтижелерін талдау барысында әрбір жоғары мектепте оқытушы-студент қарым-қатынасы мен білім алушылардың психодинамикалық ерекшеліктерін білуге үйрету қажет. Бұл әсіресе топ тәлімгерлеріне студенттер мінез-құлқының құбылмалылығын анықтауда қажетті ақпарат береді. Сонымен қатар, әрбір оқытушы адамдар бойында бейсаналық әрекеттер болатынын ескеріп, психоаналитикалық өлшемнің маңыздылығына мән беруі қажет.

Мейірбике ісіндегі оқыту стратегияларының кәсіби тұлғаны қалыптастыруға қатысты студенттердің қызығушылығын тудыратын он білім беру стратегиясы әзірленді (Gómez et al., 2006) [36]. Негізінен алдыңғы оқу жоспарларының әлсіз тұстарын жетілдіру оның түрлі оқу бірліктері бойынша көлденең және тік интеграциясының маңыздылығын көрсетеді. Бұл үшін мынандай қадамдарға бару қажет деп ойлаймыз:

Кәсіби тұлғаны оқытудың негізгі аспектілерін анықтап, маман ретіндегі қызметі барысы мен түрлі кезеңдеріндегі оқыту стратегияларын құрылымдау.

Кәсіби тұлғаны қалыптастыруға қатысуы керек негізгі және қосымша пәндерді анықтау.

Кәсіби тұлғаның қалыптасуына барлығы үлес қосатындай (студенттер мен олардың ата-аналарын, тапсырыс берушілерді ұмытпау қажет) ұсыныс дайындау.

Осы негіздерге сәйкес кәсіби тұлғаны қалыптастыруға бағытталған оқу стратегиясын құру.

Оқыту моделінің теориялық және әдістемелік негіздері денсаулық сақтаудың кез келген деңгейіндегі жұмыстарды орындауға қойылатын қазіргі талаптары мен қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес кәсіби дағдыларды мүмкіндігінше дамытуға бағытталады. Оқыту моделі елде қалыптасқан әлеуметтік құндылықтарға сәйкес кәсіби тұлғаны дамытудың кешенді тәсілін қамтиды (Gómez et al., 2011) [37]. Бұл тұста оқу процесін басшылыққа алатын оқу бағдарламаларының өзгерісі әлеуметтік шарттарда университет қажеттіліктерін өтейтін адами ресурстарды қайта қарауды қажет етеді. Қазіргі шарттарға сай мамандарды даярлауға бағытталған білім қызметі сапаның басты элементтерін сақтау үшін батыл қадамдар жасауы қажет деп ойлаймыз. Осы тұжырымға сәйкес оқыту моделі кәсіби тұлғаны қалыптастырудағы теориялық-әдістемелік негіздердің мына мәселелерін туындатады:

Қоғамдық даму мен таным процесін диалектикалық-материалистік түсіну қағидаларына сәйкес келетін тарихи-мәдени көзқарас шеңберіндегі оқу бағдарламаларының тұжырымдамасы.

Оқу жоспары жүйесіне шоғырлану: оқытушылар мен оқу бағдарламасын бағалауда жүйелі тәсілді қолдануға назар аудару арқылы білім беру және қызмет көрсету сапасын әзірлеу процесіне араласу.

Тұлғаға психологиялық-әлеуметтік көзқарас оқу процесіндегі әлеуметтік тәсілдерді анықтауға көмектеседі.

Кең профильді бітіруші түлек моделі.

Білім берудің барлық деңгейлеріндегі кәсіби қызмет негіздерін ескеріп, жоғары білім моделі, ғылыми-технологиялық және гуманизмде көрсетілген барлық қызметтердің нақты нысанын таңдау.

Аралық мәселелердің болуы, болмауына қарамастан, кәсіби дағдыларды дамытуға қол жеткізу мақсатында дәстүрлі модельдің икемді болып табылатын оқыту модельдері мазмұнын құрылымдау.

Пәнаралық үйлестіру және мазмұнды кеңірек пәндерге біріктіру оқытушылық қызметті ынталандыру және дипломдық жұмыс секілді пәнаралық бағалауларды жақсарту қағидасын көрсетуі керек. Кәсіби қызмет тәсілдерінің негізгі ықпалдастырушы пәні оқу жоспарын үйлестірудің бастапқы көзі болады.

Ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдануды арттыру.

Оқу жоспарының икемділігі.

Теориялық-әдіснамалық негіздерде маңызды қалыптастырушы бағдарлармен нығайтылған оқу бағдарламасы бағытының барлық қызметтерін көрсететін және кәсіби тұлғаны басшылыққа алатын бағыттарға назар аудару: пән, курс және пәнаралық байланыстар.

Пациент қауіпсіздігінің мейірбикелердің кәсіби дамуына ықпалын бағалау да маңызды зерттеу болып табылады(del Sol & Vázquez, 2011) [38]. Мамандар даярлау барысында студенттердің біртұтас оқуын қамтамасыз ету үшін оқу стратегиясының маңыздылығы мен оның білім сапасына әсерін ескеру қажет. Бұл кәсіби тұлғаның қалыптасуындағы ең басты әрекет және маманның этикасы, оқуының негізгі ерекшеліктері тек бір пәнмен терең игерілмейтіндігін дәлелдейді. Сондықтан білім беру жүйесінің дамуы өз саласында орындауға қажетті міндеттерді жүзеге асыра алатын, жан-жақты дайындалған мамандар шығару үшін студенттердің білім сапасына кепілдік беруді талап етеді.

S.M. Muhamad Ruzlan және Z.I. Zainuddin (2016) [39] зерттеуінде дәйектелген медициналық білім берудегі нұсқаулардағы кәсіби тұлғаның 19 қасиеті қызығушылық туғызып отыр: (1) инабаттылық; (2) қауіпсіз тәжірибе; (3) қауіпсіз әрекет; (4) теңдік; (5) сенуге лайықтылық; (6) адалдық пен ұқыптылық; (7) шыншылдық; (8) жауаптылық пен есеп беруге міндеттілік; (9) жанашырлық; (10) даналық; (11) барлық оқиғадан хабардар болу; (12) құзыреттілік; (13) ұжымдық жұмыс; (14) өзін-өзі байқау және тексеру; (15) абыройлылық; (16) этикалық мінез-құлық; (17) заңдар мен ережелерді сақтау; (18) тиімді қарым-қатынас; (19) білім мен дағдыларды дамытудың сабақтастығы. Белгіленген тұжырымдамалық негіз педагогика тұрғысынан кәсіби тұлға тәжірибесін жақсартудың үлгісі бола алады. Педагогика ғылымында қарастырылатын кәсіби қасиеттерді кәсіби тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық мәселелерінің жиынтығын құрылымдау үшін сәйкестендіруге болатындығын атап өткен жөн.

Денсаулық сақтау қызметкерлерінің әл-ауқатын айқындау үшін кәсіби тұлғаның дамуын зерттеу маңызды болып табылады (Wiesmann, 2016) [40]. Кәсіби тұлға шеңберіндегі әл-ауқатты зерттеу гедонистік (ләззат алуға ұмтылыс) және эвдемоникалық (ішкі бақыт) әл-ауқат көзқарастарына негізделген позитивті психология тұжырымдамасын қажет етеді. Бұл өз кезегінде педагогикалық зерттеулер үшін позитивті психологияға нұсқаулық бола алады. Осы тұста біз пайдаланылатын ресурстарға, мүмкіндіктерге, құзыреттерге және кәсіби тұлғаның жағымды жағдайына қызығушылық танытуымыз қажет. Кәсіби тұлғаның әл-ауқатын анықтау барысында олардың жұмысқа қанағаттану, жұмысқа құштарлық, өзін-өзі анықтау, зейін, орнықтылық және мүмкіндіктерді кеңейту секілді мәселелерге назар аударғанды дұрыс көреміз.

## Қорытынды

Кәсіби тұлғаны қалыптастырудың алғышарттары, мақсаттары мен құрылымдарын дәйектеу үшін 12 негізгі мәселеге, медициналық білім беру шеңберінен қалыптасқан педагогикалық көзқарастар үшін 7 негізгі мәселеге назар аудардық. Аталмыш негізгі мәселелер педагогика ғылымдары үшін шешуші рөл атқарады деп ойлаймыз.

Жалпы алғанда білім беру және оның ішінде университеттік білім беру мәселесі өте терең және көп қырлы. Білім беру жүйесі күрделі, жылдам өзгеретін және болжануы мүмкін емес қазіргі әлемнің қажеттіліктерін қанағаттандыруы тиіс. Білім беру мәселелері ірі саясаткерлер мен ғалымдарды қызықтыратыны бекер емес. Өйткені білім дүниетанымның қайнар көзі және қоғамның мәдени деңгейінің көрсеткіші бола отырып, адамның өндірістік күшін қалыптастырады. Кәсіби тұлға аспектісінде біз кәсіби қызметтің құндылық бағдарын арттыру, білім беруге мәдени, этикалық,

экологиялық және т.б. жаһандық өлшемдерді енгізу қажеттілігін айтқымыз келеді. Бұл ретте тек білімге ғана емес, алған білімді пайдалануға да мән беру қажет. Алайда, бұл процесс білім берудің өзіндік құндылығын төмендетпеуі тиіс.

Кәсіби тұлғаны қалыптастыру мен дамыту мамандарды даярлаудың негізгі білім беру стратегиясы аясында оқу процесінде жақсы үйлестірілген, бағдарланған, бітіруші құзіреттілігіне сай келетін, кәсіби тәжірибедегі этика мен адамгершілік құндылықтарды дамытатын түсініктермен байланысты. Бұл түсініктер өз қызметі саласындағы жақсы, қауіпсіз және жауапты тәжірибелерде жүзеге асатын көріністерде байқалады. Жалпы жоғары мектеп қалыптастыратын кәсіби тұлғаның негізге алатын қағидасы педагогикалық ұжымның студенттердің кәсіби тұлғасын қалыптастырудағы жауапкершілігі және студенттердің өз бетінше оқу жауапкершілігі деп ойлаймыз. Осы педагогикалық ресурс студенттерге бағытталған процестар сабақтастығы, байланысы және жүйелілігін қамтамасыз ететін түрлі әдістемелік құрылымдар жұмысын үйлестіруді талап етеді.

Зерттеудің басты жаңалығына кәсіби тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық мәселелерінің алғаш рет библиометриялық және сапалық контент-талдау негізінде зерттеу жатады. Кез келген зерттеу жұмысында шектеулер болатындықтан, бұл жұмыстың негізгі шектеуі – тек «Scopus» базасында индекстелген жарияланымдарды талдаумен байланысты. Бірақ, бұл база көптеген тақырыптар бойынша сапалы материалдарды индекстейтіндіктен, деректер көзінің сапалылығын қамтамасыз етеді. Сапалық контент-талдау барысында «Scopus» базасында индекстелуі тоқтаған журналдардың 7 мақаласын пайдаландық. Бұл зерттеу жұмысы нәтижелерінің сапасына кері әсер бермейді деп ойлаймыз. Зерттеу нәтижелері кәсіби тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық мәселелерінің теориялық және тәжірибелік кезеңдерінің ғылыми қырларын ұсынады. Педагогика, психология және медицина саласының мамандары мәселе жөніндегі түсініктерін жақсартып, білімдерін дамыту үшін пайдалана алады. Зерттеу нәтижелері мәселені ары қарай талдауға нұсқаулық және жүйелі шолулар жасау үшін қызмет етеді.

**Әдебиеттер**


1. Khimmataliev, D., Khakimov, J., Daminov, O., & Rakhmatova, F. Criteria and indicators for assessing the level of professional training of future teachers of vocational training at a training module // Journal of Critical Reviews, 2020. -№ 7(5). -P. 428-431. https://doi.org/10.31838/jcr.07.05.89
2. Abdullah, M. K., Awad, M. S., Ibrahim, R. H., Hassan, J. M. Evaluation of problem solving and critical thinking skills among Mosul's nursing students // Indian Journal of Forensic Medicine and Toxicology, 2019. №13(4), 418-423. https://doi.org/10.5958/0973-9130.2019.00326.8
3. Hellmich, F., Löper, M. F., Görel, G. The role of primary school teachers' attitudes and self-efficacy beliefs for everyday practices in inclusive classrooms – a study on the verification of the 'Theory of Planned Behaviour' // Journal of Research in Special Educational Needs, 2019. №19(S1). P. 36-48. https://doi.org/10.1111/1471-3802.12476
4. Cullen, J. D., Knox, P. L. "The triumph of the eunuch": Planners, urban managers, and the suppression of political opposition // Urban Affairs Review, 1981. № 17(2). P. 149-172. https://doi.org/10.1177/004208168101700204
5. Schulze, M. The Society for Personality Assessment // American Psychologist, 1996. №51(9).- P. 975-976. https://doi.org/10.1037/0003-066X.51.9.975
6. Kline, P., Lapham, S. L. The PPQ. Psychometric Systems Ltd, London, 1990.
7. Kline, P., & Lapham, S. L. The PPQ: A study of its ability to discriminate occupational groups and the validity of its scales // Personality and Individual Differences, 1992. №13(2). P.225-228. https://doi.org/10.1016/0191-8869(92)90046-R
8. Kline, P., Lapham, S. L. Personality and faculty in British universities // Personality and Individual Differences, 1992. №13(7). P. 855-857.
9. Birrell, G. S., McGarry, R. G. The building procurement roles-their professional personalities and communications issues among them // A. A. Bezelga & P. S. Brandon (Eds.), Management, quality and economics in building CRC Press. 2006. P. 35-43. https://doi.org/10.4324/9780203973486
10. Pernas Gómez, M., Miralles Aguilera, E. Trabajo educativo y el nuevo plan de estudio de la Licenciatura en Enfermería // Revista Cubana de Educacion Medica Superior, 2007. № 21(4).
11. Rudenko, I. V., Fedorova, N. I., Muskhanova, I. V., Alieva, S. A., Kasumova, B. C.-A., Gadaborsheva, Z. I., Gunina, E. V., & Tumarov, K. B. Organizational and pedagogical conditions development of general competences formation in the educational activities of the university // Journal of Sustainable Development, 2015. №8(6). P.45-50. https://doi.org/10.5539/jsd.v8n6p45
12. Zamaletdinov, R. R., Kuznetsov, I. A., Sakharova, N. S., Gladkikh, V. G., Erofeeva, N. E. Pedagogical tools of professional ideals management of modern student // International Review of Management and Marketing, 2016. №6(2). -P. 364-369.

13. Nagimzhanova, K. M., Baimanova, L., Magavin, S. Sh., Adzhibaeva, B. Zh., Betkenova, M. S. Basis of psychological and professional personality development of future educational psychologists // Periodico Tche Quimica, 2019. №16(33). P. 351-368. https://doi.org/10.52571/PTQ.v16.n33.2019.366_Periodico33 _pgs_351_368.pdf

14. Mnaidarova, S., Demissenova, Z., Mnaidarova, G. Formation of socio-economic value orientations of students in professional educational establishments. Journal of Entrepreneurship Education. 2019. №22(1). P. 1-6.

15. Dexter, L. A. A dialogue on the social psychology of colonialism: And on certain Puerto Rican professional personality patterns // Human Relations, 1949. №2(1). P. 49-64. https://doi.org/10.1177/001872674900200105

16. Stacey, C. L., Goldberg, H. D. A personality study of professional and student actors // Journal of Applied Psychology, 1953. №37(1). P.24-25. https://doi.org/10.1037/h0058197

17. Friedenthal, M. Educación de la personalidad professional // Revista odontologica, 1954. №42(6). P. 237-243.

18. Gelly, R. La personnalité professionnelle de l'aviateur. Revue des corps de sante des armees: terre, mer, air, 1969. №10(5). P. 585-598.

19. Wiener, P. La constitution de la personnalité professionnelle des stagiaires en médecine: l'identification au malade et au médecin // Revue de medecine psychosomatique et de psychologie medicale, 1971. № 13(1). P. 79-92.

20. Gaoni, B., Neumann, M. Supervision from the point of view of the supervisee. American Journal of Psychotherapy, 1974. №28(1). P. 108-114. https://doi.org/10.1176/appi.psychotherapy.1974.28.1.108

21. Фонарев А. Р. Развитие личности в процессе профессионализации //Вопросы психологии. – 2004. – Т. 6. – С. 72-83.

22. Chami, J. La «personnalité professionnelle» interrogée dans les dispositifs d'analyse des pratiques // Connexions, 2006. № 86(2), P.67-83. https://doi.org/10.3917/cnx.086.0067

23. Fabbris, L., Rota, G., Silvestri, I., Boaretto, A. Tesserae of graduates' competences for mosaics of work activities // L. Fabbris (Ed.), Effectiveness of university education in Italy: Employability, competences, human capital. Physica-Verlag, Heidelberg. 2007. P. 287-303. https://doi.org/10.1007/978-3-7908-1751-5_21

24. Kováts, E. Sz. Die rolle familiengeschichtlicher hinweise in der supervision. European Journal of Mental Health, 2009. №4(1). P.41-56. https://doi.org/10.1556/EJMH.4.2009.1.3

25. Bartholomew, E. How to build a lighting professional // Lighting Design and Application: LD and A, 2011. №41(12). P.26-27.

26. Miroshnichenko, O., Gaivoronskaya, Y., & Samusenko, T. Molding of a professional's personality in the conditions of modern juridical educational system experience of far-eastern Federal University. Part 2 // World Applied Sciences Journal, 2014. №30(1). P.110-112. https://doi.org/10.5829/idosi.wasj.2014.30.01.13975

27. Karabay, A. An investigation of prospective teachers' views regarding teacher identity via metaphors // Eurasian Journal of Educational Research, 2016. №16(65). P. 1-18. https://doi.org/10.14689/ejer.2016.65.01

28. Shi, S., Xu, S. Guiding role of professional concept in higher educational reform // Eurasia Journal of Mathematics, Science and Technology Education, 2017. №13(10), P. 6933-6938. https://doi.org/10.12973/ejmste/78612

29. Kalyanova, L. M. Motivation research and development of educational and cognitive activity of technical university students // International Journal of Innovative Technology and Exploring Engineering, 2019. №9(1). P. 3730-3734. https://doi.org/10.35940/ijitee.A4802.119119

30. Садовникова Н. О., Федерико З. Психологические особенности переживания педагогами профессионального кризиса личности //Образование и наука. – 2018. – Т. 20. – №. 3. – С. 83-99.
https://doi.org/10.17853/1994-5639-2018-3-83-99

31. Садовникова Н. О., Мирзаахмедов А. М. Актуальные смысловые состояния педагогов, переживающих профессиональный кризис личности //Образование и наука. – 2019. – Т. 21. – №. 2. – С. 113-131. https://doi.org/10.17853/1994-5639-2019-2-113-131

32. Yang, H. The nexus between pre-service teachers' emotional experience and cognition during professional experience // Australian Educational Researcher, 2019. №46(5). P. 799-825. https://doi.org/10.1007/s13384-019-00320-8

33. Olive, Y. C., Dorta, L. Á., Gómez, O. M. Valores profesionales en estudiantes que cursaron la asignatura psicología médica // Revista Cubana de Medicina Militar, 2018. №47(3).

34. Заславская О.В., Ранних В.Н., Воротилин М.С., Фомичева О.А. Педагогическая подготовка преподавателя для профессиональной школы как теоретическая проблема и практическая задача // Перспективы науки и образования. – 2021. – № 3 (51). – С. 155-168. https://doi.org/10.32744/pse.2021.3.11

35. Merrill, J., Lorimor, R., Laux, L., Thornby, J., Vallbona, C. Gender: measuring its influence on senior medical students'» professional personality» and career choice // The American journal of medicine, 1995. №98(6). -P. 598-599. https://doi.org/10.1016/S0002-9343(99)80027-8

36. Schneider, P.-B. À propos de la formation psychologique et psychodynamique des Médecins // Revue Medicale de la Suisse Romande, 1997. №117(9). P. 721-725.

37. Pernas Gómez, M., Miralles Aguilera, E., Fernández Sacasas, J. A., Diego Cobelo, J. M., Bello Fernández, N., Zubizarreta Estévez, M. Estrategias cirriculares en la licenciatura en enfermeria // Rev. habanera cienc. méd. 2006.

38. Gómez, M. P., Estévez, M. Z., Aguilera, E. M., Figueredo, S. S., Cobelo, J. M. D., Sacasas, J. Á. F. Bases teórico-metodológicas de un modelo curricular pertinente para la formación de Licenciados en Enfermería en Cuba // Revista Cubana de Educación Médica Superior, 2011. №25(3).-P. 283-300.

39. del Sol, A. A., & Vázquez, R. F. Influencia del desarrollo de la personalidad profesional durante la carrera de Enfermería en la seguridad del paciente // Revista Cubana de Enfermería,2011. №27(1). P. 8-15.

40. Ruzlan, S. M. M., & Zainuddin, Z. I. Addressing Islamic Values in Medical Imaging Professionalism. IIUM Medical Journal Malaysia, 2018. №17(1). P. 141-149. https://doi.org/10.31436/imjm.v17i1.1010

41. Wiesmann, U. Well-Being in Health Professionals: Positive Psychology at Work // The Wiley Blackwell Handbook of the Psychology of Positivity and Strengths-Based Approaches at Work, 2016. P. 439-465. https://doi.org/10.1002/9781118977620.ch23

**References**

Abdullah, M. K., Awad, M. S., Ibrahim, R. H., & Hassan, J. M. (2019). Evaluation of problem solving and critical thinking skills among Mosul's nursing students. Indian Journal of Forensic Medicine and Toxicology, 13(4), 418-423. https://doi.org/10.5958/0973-9130.2019.00326.8

Bartholomew, E. (2011). How to build a lighting professional. Lighting Design and Application: LD and A, 41(12), 26-27.

Birrell, G. S., & McGarry, R. G. (2006). The building procurement roles-their professional personalities and communications issues among them. In A. A. Bezelga & P. S. Brandon (Eds.), Management, quality and economics in building (pp. 35-43). CRC Press. https://doi.org/10.4324/9780203973486

Chami, J. (2006). La «personnalité professionnelle» interrogée dans les dispositifs d'analyse des pratiques. Connexions, 86(2), 67-83. https://doi.org/10.3917/cnx.086.0067

Cullen, J. D., & Knox, P. L. (1981). "The triumph of the eunuch": Planners, urban managers, and the suppression of political opposition. Urban Affairs Review, 17(2), 149-172. https://doi.org/10.1177/004208168101700204

del Sol, A. A., & Vázquez, R. F. (2011). Influencia del desarrollo de la personalidad profesional durante la carrera de Enfermería en la seguridad del paciente. Revista Cubana de Enfermería, 27(1), 8-15.

Dexter, L. A. (1949). A dialogue on the social psychology of colonialism: And on certain Puerto Rican professional personality patterns. Human Relations, 2(1), 49-64. https://doi.org/10.1177/001872674900200105

Fabbris, L., Rota, G., Silvestri, I., & Boaretto, A. (2007). Tesserae of graduates' competences for mosaics of work activities. L. Fabbris (Ed.), Effectiveness of university education in Italy: Employability, competences, human capital (pp. 287-303). Physica-Verlag, Heidelberg. https://doi.org/10.1007/978-3-7908-1751-5_21

Fonarev A. R. (2004). Razvitie lichnosti v processe professionalizacii[Personality development in the process of professionalization]. Questions of psychology, 6, 72-83. (in Russian)

Friedenthal, M. (1954). Educación de la personalidad profesional. Revista odontologica, 42(6), 237-243.

Gaoni, B., & Neumann, M. (1974). Supervision from the point of view of the supervisee. American Journal of Psychotherapy, 28(1), 108-114. https://doi.org/10.1176/appi.psychotherapy.1974.28.1.108

Gelly, R. (1969). La personnalité professionnelle de l'aviateur. Revue des corps de sante des armees: terre, mer, air, 10(5), 585-598.

Gómez, M. P., Estévez, M. Z., Aguilera, E. M., Figueredo, S. S., Cobelo, J. M. D., & Sacasas, J. Á. F. (2011). Bases teórico-metodológicas de un modelo curricular pertinente para la formación de Licenciados en Enfermería en Cuba. Revista Cubana de Educación Médica Superior, 25(3), 283-300.

Hellmich, F., Löper, M. F., & Görel, G. (2019). The role of primary school teachers' attitudes and self-efficacy beliefs for everyday practices in inclusive classrooms – a study on the verification of the 'Theory of Planned Behaviour'. Journal of Research in Special Educational Needs, 19(S1), 36-48. https://doi.org/10.1111/1471-3802.12476

https://doi.org/10.17853/1994-5639-2018-3-83-99

Kalyanova, L. M. (2019). Motivation research and development of educational and cognitive activity of technical university students. International Journal of Innovative Technology and Exploring Engineering, 9(1), 3730-3734. https://doi.org/10.35940/ijitee.A4802.119119

Karabay, A. (2016). An investigation of prospective teachers' views regarding teacher identity via metaphors. Eurasian Journal of Educational Research, 16(65), 1-18. https://doi.org/10.14689/ejer.2016.65.01

Khimmataliev, D., Khakimov, J., Daminov, O., & Rakhmatova, F. (2020). Criteria and indicators for assessing the level of professional training of future teachers of vocational training at a training module. Journal of Critical Reviews, 7(5), 428-431. https://doi.org/10.31838/jcr.07.05.89

Kline, P., & Lapham, S. L. (1990). The PPQ. Psychometric Systems Ltd, London.

Kline, P., & Lapham, S. L. (1992). Personality and faculty in British universities. Personality and Individual Differences, 13(7), 855-857.

Kline, P., & Lapham, S. L. (1992a). The PPQ: A study of its ability to discriminate occupational groups and the validity of its scales. Personality and Individual Differences, 13(2), 225-228. https://doi.org/10.1016/0191-8869(92)90046-R

Kováts, E. Sz. (2009). Die rolle familiengeschichtlicher hinweise in der supervision. European Journal of Mental Health, 4(1), 41-56. https://doi.org/10.1556/EJMH.4.2009.1.3

Merrill, J., Lorimor, R., Laux, L., Thornby, J., & Vallbona, C. (1995). Gender: measuring its influence on senior medical students'» professional personality» and career choice. The American journal of medicine, 98(6), 598-599. https://doi.org/10.1016/S0002-9343(99)80027-8

Miroshnichenko, O., Gaivoronskaya, Y., & Samusenko, T. (2014). Molding of a professional's personality in the conditions of modern juridical educational system experience of far-eastern Federal University. Part 2. World Applied Sciences Journal, 30(1), 110-112. https://doi.org/10.5829/idosi.wasj.2014.30.01.13975

Mnaidarova, S., Demissenova, Z., & Mnaidarova, G. (2019). Formation of socio-economic value orientations of students in professional educational establishments. Journal of Entrepreneurship Education, 22(1), 1-6.

Nagimzhanova, K. M., Baimanova, L., Magavin, S. Sh., Adzhibaeva, B. Zh., & Betkenova, M. S. (2019). Basis of psychological and professional personality development of future educational psychologists. Periodico Tche Quimica, 16(33), 351-368. https://doi.org/10.52571/PTQ.v16.n33.2019.366_Periodico33_pgs_351_368.pdf

Olive, Y. C., Dorta, L. Á., & Gómez, O. M. (2018). Valores profesionales en estudiantes que cursaron la asignatura psicología médica. Revista Cubana de Medicina Militar, 47(3).

Pernas Gómez, M., & Miralles Aguilera, E. (2007). Trabajo educativo y el nuevo plan de estudio de la Licenciatura en Enfermería. Revista Cubana de Educacion Medica Superior, 21(4).

Pernas Gómez, M., Miralles Aguilera, E., Fernández Sacasas, J. A., Diego Cobelo, J. M., Bello Fernández, N., & Zubizarreta Estévez, M. (2006). Estrategias cirriculares en la licenciatura en enfermeria. Rev. habanera cienc. méd.

Rudenko, I. V., Fedorova, N. I., Muskhanova, I. V., Alieva, S. A., Kasumova, B. C.-A., Gadaborsheva, Z. I., Gunina, E. V., & Tumarov, K. B. (2015). Organizational and pedagogical conditions development of general competences formation in the educational activities of the university. Journal of Sustainable Development, 8(6), 45-50. https://doi.org/10.5539/jsd.v8n6p45

Ruzlan, S. M. M., & Zainuddin, Z. I. (2018). Addressing Islamic Values in Medical Imaging Professionalism. IIUM Medical Journal Malaysia, 17(1), 141-149. https://doi.org/10.31436/imjm.v17i1.1010

Sadovnikova N. O., Federiko Z.(2018). Psihologicheskie osobennosti perezhivanija pedagogami professional’nogo krizisa lichnosti[Psychological features of the experience of professional crisis by teachers]. Education and science, 3(20), 83-99. (in Russian)

Sadovnikova N. O., Mirzaahmedov A. M. (2019). Aktual’nye smyslovye sostojanija pedagogov, perezhivajushhih professional’nyj krizis lichnosti[Actual semantic states of teachers experiencing a professional crisis]. Education and science, 2(21), 113-131. https://doi.org/10.17853/1994-5639-2019-2-113-131(in Russian)

Schneider, P.-B. (1997). À propos de la formation psychologique et psychodynamique des médecins. Revue Medicale de la Suisse Romande, 117(9), 721-725.

Schulze, M. (1996). The Society for Personality Assessment. American Psychologist, 51(9), 975-976. https://doi.org/10.1037/0003-066X.51.9.975

Shi, S., & Xu, S. (2017). Guiding role of professional concept in higher educational reform. Eurasia Journal of Mathematics, Science and Technology Education, 13(10), 6933-6938. https://doi.org/10.12973/ejmste/78612

Stacey, C. L., & Goldberg, H. D. (1953). A personality study of professional and student actors. Journal of Applied Psychology, 37(1), 24-25. https://doi.org/10.1037/h0058197

Wiener, P. (1971). La constitution de la personnalité professionnelle des stagiaires en médecine: l’identification au malade et au médecin. Revue de medecine psychosomatique et de psychologie medicale, 13(1), 79-92.

Wiesmann, U. (2016). Well-Being in Health Professionals: Positive Psychology at Work. The Wiley Blackwell Handbook of the Psychology of Positivity and Strengths-Based Approaches at Work, 439-465. https://doi.org/10.1002/9781118977620.ch23

Yang, H. (2019). The nexus between pre-service teachers’ emotional experience and cognition during professional experience. Australian Educational Researcher, 46(5), 799-825. https://doi.org/10.1007/s13384-019-00320-8

Zamaletdinov, R. R., Kuznetsov, I. A., Sakharova, N. S., Gladkikh, V. G., & Erofeeva, N. E. (2016). Pedagogical tools of professional ideals management of modern student. International Review of Management and Marketing, 6(2), 364-369.

Zaslavskaja O.V., Rannih V.N., Vorotilin M.S., Fomicheva O.A.(2021). Pedagogicheskaja podgotovka prepodavatelja dlja professional’noj shkoly kak teoreticheskaja problema i prakticheskaja zadacha [Pedagogical preparation of a teacher for a professional school as a theoretical problem and a practical task] . Science and Education Perspectives, 3 (51), 155-168. https://doi.org/10.32744/pse.2021.3.11 (in Russian)